

**МКҚК «Аяулым» бөбекжайы»
ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР**



**Кіші «Балауса» ТОБЫ 2021 ЖЫЛ ҚЫРКҮЙЕК АЙЫ
ӨТПЕЛІ ТАҚЫРЫП: «БАЛАБАҚША»**

Мақсаты: Балаларды балабақша қызметкерлерінің еңбегімен таныстыру. Балабақшаға деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту. Бірлескен әрекетке қызығушылықты қалыптастыру.

Міндеттері:

Үлкендердің еңбегін бағалауға үйрету.

Балабақшаға деген мақтаныш, құрмет сезімдерін, балалардың бойында балабақшаға, достарына сүйіспеншілік сезімді қалыптастыру;

Айналасындағы адамдарды жақсы көруге, құрметтеуге тәрбиелеу.

Қыркүйек

Апта күндері	Білім беру саласы	Оқу қызметі	Тақырыбы	Мақсаты
1-апта Тақырыпша: «Менің балабақшам»				
<u>Дүйсенбі</u>	Денсаулық	Дене шынықтыру		
	Таным	Жаратылыстану		
<u>Сейсенбі</u>	Денсаулық	Дене шынықтыру		
	Шығармашылық	Музыка		
<u>Сәрсенбі</u> <u>01.09.2021</u>	Қатынас	Сөйлеуді дамыту	<u>Топ бөлмелері</u>	Мақсаты: Топ блмелері мен топтағы заттарды заттардың бөлшектерін ажыратып атауға сөздегі дыбыстарды атауға сөздегі дыбыстарды анақ айтуға уйрету.

	Шығармашылық	Сурет салу	<u>Түзу жолда,мен жүремін тура</u>	Мақсаты: Түрлі бағытта түзу сызықтарды олардың Қиылысуын жүргізе білуді үйрету балабақша ауласындағы жолды ондағы гүлдердің суретін салу.
<u>Бейсенбі</u> <u>02.09.2021</u>	Денсаулық	Дене шынықтыру	<u>Бір қатар тізбекпен баяу және жылдам жүру</u>	Қол ұстасып шеңбер құрып тұруға үйрету.
<u>Жұма</u> <u>03.09.2021</u>	Таным	Сенсорика	Құлыншаққа арналған жол.	Мақсаты: жолақтардың түстерін кезектестіре отырып қоя алуға үйрету,балаларға төрт мүмкіндіктің ішінен екі берілген түс бойынша (қызыл, көк)затты таңдауға үйрету; заттарды түсі бойынша топтастыру іскерлігін бекіту; қолдың ұсақ моторикасын, көз-қол сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту. Ойыншықтармен ұқыптыойнауға тәрбиелеу.
	Шығармашылық	Мүсіндеу	Ермексаз түйіртпегі.	Мақсаты: ермексаз және оның қасиеті туралы мағлұмат беру,ермексазды алақан арасына салып, саусақтарымен ұсақтау тәсілдерін меңгерту. Заттардың ұқсастығын таба білулерін қалыптастыру,саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру, қолдарын дымқыл сүрткіштермен сүртуге баулу, сөйлеу тілін дамыту. Мүсіндеуге деген қызығушылыққа тәрбиелеу.

Қыркүйек

Апта күндері	Білім беру саласы	Оқу қызметі	Тақырыбы	Мақсаты
2-апта Тақырыпша: «Менің достарым»				
<u>Дүйсенбі</u> <u>06.09.2021</u>	Денсаулық	Дене шынықтыру	<u>Алаңның бірінші шетінен екінші шетіне баяу жүгіру.</u>	<u>Бір орында тұрып қос аяқпен секіру</u>
	Шығармашылық Таным	Музыка Жаратылыстану	«Себет толы	Мақсаты: Сурет салуға қызығушылықтарын

			жемістер»	арттыру, үш саусақты арасына қарындашты дұрыс ұстауға үйрете отырып, көлденеңінен, тігінен сызықтар сызуды үйрету. Қағазбен, майлы қарындашпен таныстырып, жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. Үстелде дұрыс отыра білуге және еңбек етуге тәрбиелеу, ұсақ саусақ моторикасын дамыту, балаларды ептілікке үйрету.
<u>Сейсенбі</u> <u>07.09.2021</u>	Шығармашылық	Музыка		
	Денсаулық	Дене шынықтыру	<u>Бір орында тұрып қос аяқпен секіру.</u>	Белгіленген жерге дейін еңбектеу
<u>Сәрсенбі</u> <u>08.09.2021</u>				
	Таным	Құрастыру	Тар және кең жолдар.	Мақсаты: балаларды құрылыс материалдарының түрлерімен таныстыру, түстерін ажырата білуге, кірпіштерден жолдар құрастыра алуға үйрету, балаларды құрылыс материалдарымен жұмыс жасай білуге
	Шығармашылық	Сурет салу	Қарандаш ізін салайық	Мақсаты: Сурет салуға қызығушылықтарын арттыру, үш саусақты арасына қарындашты дұрыс ұстауға үйрете отырып, көлденеңінен, тігінен сызықтар сызуды үйрету. Қағазбен, майлы қарындашпен таныстырып, жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. Үстелде дұрыс

				отыра білуге және еңбек етуге тәрбиелеу, ұсақ саусақ моторикасын дамыту, балаларды ептілікке үйрету.
<u>Бейсенбі</u> <u>09.09.2021</u>	Денсаулық Қатынас	Дене шынықтыру Көркем әдебиет	Белгіленген жерге дейін еңбектеу(2-3мм) Жемістер жыры	Жемістерді(алма,өрік,қара өрік,шие)атау барысында балалардың сөздік орын жетілдіру.Жемістер туралы жалпы түсініктерін кеңейту
<u>Жұма</u> <u>10.09.2021</u>				

Қыркүйек

Апта күндері	Білім беру саласы	Оқу қызметі	Тақырыбы	Мақсаты
3-апта Тақырыпша: «Менің ойыншықтарым»				
<u>Дүйсенбі</u> <u>13.09.2021</u>	Денсаулық	Дене шынықтыру	Таяқшалардан аттап жүру.	<u>Мақсаты:</u> Баланы ептілікке шапшаңдыққа тәрбиелеу.
	Таным	Жаратылыстану	Көгөністер табиғаттың сыйы –	<u>Мақсаты:</u> Балалардың санасында көгөністің қарапайым түрлері (қызанақ, қияр, сәбіз) туралы түсінік қалыптастыру. Көру арқылы қабылдау және зейін қою, қалыптасқан жағдайға қатысты қарапайым нұсқаулықтарды түсіну және

				орындау қабілетін дамыту. Ересектердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу.
<u>Сейсенбі</u> <u>14.09.2021</u>	Денсаулық	Дене шынықтыру	Кегеьлдер арасымен допты қос қолдап ұстап өту»	<u>Мақсаты:</u> Баланы ептілікке шапшаңдыққа тәрбиелеу.
	Шығармашылық	Музыка		
<u>Сәрсенбі</u> <u>15.09.2021</u>	Қатынас	Сөйлеуді дамыту	Менің сүйікті ойыншығым.	Мақсаты: Ойыншықтар жайында әңгімелесу арқылы, балалардың түрлі әрекеттердегі және алуан түрдегі ауызша және байланыстыра сөйлеулерін дамыту. Ойыншықтар туралы әңгімелесу, оларды сипаттап айтуға үйрету. Сөздік қорын толықтыру. Ойыншықтарды күтіп, ұқыпты ойнауға тәрбиелеу.
	Шығармашылық	Сурет салу	Ұзын жолдар.	Мақсаты: балалардың қарындашпен дұрыс жұмыс істей білу дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: қағазға солдан оңға қарай түзу сызық жүргізе білуді үйрету.Бейнелегендерін іс-әрекет арқылы көрсете білу, саусақ, қол қимыл-қозғалыстарының икемділіктерін дамыту. Еңбекетуге, ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу
<u>Бейсенбі</u> <u>16.09.2021</u>	Денсаулық	Дене шынықтыру		
<u>Жұма</u> <u>17.09.2021</u>	Таным	Сенсорика	Шуақты күн.	Мақсаты: Түрлі түсті дөңгелектерден композиция құрастыра алуға үйрету,шеңберден шықпауға, олардан қарапайым композиция жасауға, таныс пішіндерді

	Шығармашылық	Жапсыру	Пирамида.	бейнелеуге үйрету; ауызекі сөйлеу тілдерін дамыту; ұсақ қол моторикасын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Мақсаты: аппликация туралы ұғымдарын қалыптастыру. Фланелеграфта бейнелеуді үйрету, қағаз жолақтарынан пирамида құрастыруды, түстерді ажыратуды үйрету. Ойыншықтардың аттарымен таныстыру. Сөйлеу тілін дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Ойыншықтармен ұқыпты ойнауға тәрбиелеу.

Қыркүйек

Апта күндері	Білім беру саласы	Оқу қызметі	Тақырыбы	Мақсаты
4-апта Тақырыпша: «Жиһаздар»				
<u>Дүйсенбі</u> <u>20.09.2021</u>	Денсаулық	Дене шынықтыру	<u>Допты қос қолмен ұстап шеңберге лақтыру</u> Күзгі жаңбыр	Мақсаты: Балалардың санасында жылдың осы маусымына тән құбылыстар (жаңбыр) туралы түсінік қалыптастыру. Қарапайым зерттеу жұмыстарымен айналысу қабілетін дамыту. Зерттеудің қарапайым тәсілдеріне баулу.
	Таным	Жаратылыстыну		
	Шығармашылық	Музыка		
			.	жоғары, қатты қыспай, оң қолмен қағаз бетінде төменнен жоғары қарай, оңнан солға қарай, жоғарыдан төмен қарай қысқа және ұзын сызықтар жүргізе білуді үйрету, балалардың саусақтарының бұлшық еттерін дамыту, ұқыпты жұмыс жасай білуге

				тәрбиелеу.
<u>Сейсенбі</u> <u>21.09.2021</u>	Шығармашылық	Музыка		
	Қатынас	Көркем әдебиет	Көркем әдебиет	Мақсаты: Еңбекке қызығушылықтарын қалыптастыру және оның нәтижелерін қадірлеуге үйрету.
<u>Сәрсенбі</u> <u>22.09.2021</u>	Шығармашылық	Сурет салу	Әртүрлі түстегі қақпалар	Мақсаты: қарындашпен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: қарындашты үш саусақпен дұрыс ұстап отырып, ұшын сәл
	Таным	Құрастыру	Мәшине.	Мақсаты: құрылыс материалдары текшелер, призма, пластина, кірпіштерді ажырата алуға және оны кеңістікте дұрыс орналастыра білуге үйрету.- көліктер туралы түсініктерін қалыптастыру, мәшинемен таныстыру, құрылыс үлгілерін қарап, оның бөліктерін атап көрсетуге, қандай бөлшектерден құралғанын атап айтуға үйрету; - мәшине құрастыруда оның жетіспейтін бөліктерін таба білу қабілеттерін дамыту; -құрылыс материалдарының түсін, пішінін, көлемін ажырата алу және ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.
<u>Бейсенбі</u> <u>23.09.2021</u>	Денсаулық	Дене шынықтыру Көркем әдебиет	<u>Арқан</u> <u>үстінен</u> <u>секіру.</u> <u>Алтын</u> <u>дән(өлеңі)</u>	Мақсаты: Еңбекке қызығушылықтарын қалыптастыру және оның нәтижелерін қадірлеуге үйрету.
<u>Жұма</u> <u>24.09.2021</u>				
	Таным	Жаратылыстың	Күзгі жаңбыр	Мақсаты: Балалардың санасында жылдың осы маусымына тән құбылыстар (жаңбыр) туралы түсінік қалыптастыру. Қарапайым зерттеу жұмыстарымен айналысу қабілетін дамыту.Зерттеудің қарапайым тәсілдеріне баулу.

Қыркүйек

Апта күндері	Білім беру саласы	Оқу қызметі	Тақырыбы	Мақсаты
5-апта «Ғимарат»				
<u>Дүйсенбі</u> <u>27.09.2021</u>	Денсаулық	Дене шынықтыру	<u>Тартылған</u> <u>жіпті аттап</u> <u>өту.(биіктігі</u> <u>10-15см)</u>	
	Шығармашылық	Сурет салу	Жау-жау, жаңбыр.	Мақсаты: бояумен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: қылқаламмен сурет салу техникасын үйрету, сызықтарды қағаз бетіндегі кеңістікті дұрыс пайдалана отырып түсіруге жаттықтыру, балаларды табиғат құбылыстарын бақылай отырып өз сезімдерін іс-әрекетте бере білуге үйрету, іс-әрекет барысында бейнелегендерін музыка әуенімен қимыл-қозғалыста үйлестіре білуге бағыттау, табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.
<u>Сейсенбі</u> <u>28.09.2021</u>	Шығармашылық	Музыка		
	Қатынас	Сөйлеуді дамыту	Менің отбасым.	Мақсаты: Туыстық атауларды меңгерту арқылы пассивті және белсенді сөздік қорын кеңейту. Өз отбасы туралы әңгімелесу. Туыстық атауларды қолдануға дағдыландыру (ата, әже, әке, ана, әпке, аға, іні т.б) Татулыққа, сүйіспеншілікке тәрбиелеу.
<u>Сәрсенбі</u> <u>29.09.2021</u>	Денсаулық	Дене шынықтыру	<u>Допты бір-</u> <u>біріне</u> <u>лақтыру және</u> <u>ұстап алу.</u>	
	Таным	Сенсорика	Терезелі үй.	Мақсаты: заттардың пішіні мен көлеміне қарай топтастыруды үйрету. Міндеттері: балаларды 2 әртүрлі пішін (дөңгелек, шаршы) мен 2 әртүрлі көлемдегі (үлкен, кішкентай) заттарды таңдауды

				жүзеге асыра отырып пішінінежәне көлеміне қарай топтастыруға үйрету; көз-қол сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту.Ұқыптылыққа тәрбиелеу.
--	--	--	--	---

Апта күндері	Білім беру саласы	Оқу қызметі	Тақырыбы	Мақсаты
Бейсенбі 30.09.2021	Шығармашылық	Мүсіндеу	Доптар.	Мақсаты: Ермексаз, мүсін, мүсіндеу әдістері туралы мағлұмат беру,ермексазды алақан арасына салып домалақтау тәсілдерін меңгерту. Сөздік қорларын қалыптастыру. Сөйлеу тілдерін дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру.Ойыншықтармен ұқыпты ойнауға тәрбиелеу.
Жұма 01.10.2021	Денсаулық	Дене шынықтыру	Допты бір-біріне лақтыру және ұстап алу.	
	Таным	Жаратылыстыну	Құстар	Мақсаты: Құстарға (торғай, көгершін, қарға) тән ерекшеліктермен таныстыру; дене мүшелерін бір-бірінен ажырату және атауларын атай білу, олардың мінез-құлықтарын сипаттау қабілетін дамыту.

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

КІШІ «Бөбек» ТОБЫ 2021ЖЫЛ ҚАЗАН АЙЫ

ӨТПЕЛІ ТАҚЫРЫП: «ЖОМАРТ КҮЗ»

Мақсаты: Балалардың күз мезгілінің ерекшелігін бақылату арқылы маусымдық өзгерістер жайлы білімдерін кеңейту. Балалардың күз туралы түсініктерін қалыптастыра отырып, күз ерекшеліктерін атап, сөз қорын байланыс туралы түсініктерін дамыту.

Міндеттері:

Күзге байланысты балалардың сөздік қорларын одан әрі дамытуға жағдай жасау;

Саяхаттарға шығу барысында балалардың табиғатта, қоршаған ортада өзін ұстай білу дағдыларын, қоршаған әлемге қызығушылығы мен қамқорлық қасиеттерін қалыптастыруға ықпал жасау.

Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда ата-аналармен бірлескен шараларды жетілдіру.

Қоршаған ортадағы табиғат өзгерістері, күзгі адамдар еңбегі туралы тапсырмаларды орындату арқылы ойларын грамматикалық формада жеткізіп және байланыстырып сөйлеуге төселдіру.

Табиғатты аялауға, әсемдікті көре білу, сезінуге тәрбиелеу.

Қазан

Апта күндері	Білім беру саласы	Оқу қызметі	Тақырыбы	Мақсаты
1-апта«Біздің көше»				
<u>Дүйсенбі</u> <u>04.10.2021</u>	Денсаулық	Дене шынықтыру	<u>Тартылған</u> <u>жіптен аттап өту.</u>	<u>Мақсаты:</u> Балаларға тепе теңдікті сақтап жүруді үрету.
	Таным	Жаратылыстану	Құстар	Мақсаты: а) Құстарға (торғай, көгершін, қарға) тән ерекшеліктермен таныстыру; дене мүшелерін бір-бірінен ажырату және атауларын атай білу, олардың мінез-құлықтарын сипаттау қабілетін дамыту. ә) Балалардың білуге деген құштарлығын, есте сақтау қабілетін, зейінін, сөйлеу қабілетін дамыту. б) Құстарға қамқорлық жасауға, оларды аялай білуге үйрету.
<u>Сейсенбі</u> <u>05.10.2021</u>	Денсаулық	Дене шынықтыру	Допты бір біріне лақтыру ұстап алу.	

	Шығармаылық	Музыка		
<u>Сәрсенбі</u> <u>06.10.2021</u>	Қатынас	Сөйлеуді дамыту	Ғажайып қалта	Мақсаты: Көгөністер туралы әңгімелесу арқылы, балалардың түрлі әрекеттердегі және алуан түрдегі ауызша және байланыстыра сөйлеулерін дамыту. Дыбыстардың дұрыс айтылуын, байланыстырып сөйлеулерін қалыптастыру. Міндеттері: а) Көгөністер, жемістер туралы түсінік беру, сипаттап айтуға үйрету. ә) Сөздік қорын толықтыру, «т» дыбысына артикуляциялық жаттығу жасату. б) Тазалыққа, салауатты өмір салтын сақтауға тәрбиелеу.
	Шығармашылық	Сурет салу	Шағылысқан күн сәулесі.	Мақсаты: дәстүрден тыс тәсілмен сурет салуға үйрету Міндеттері: балаларға сурет салудың дәстүрден тыс тәсілін үйрету, балаларға саусақтар көмегімен күн сәулесін салу әдісін үйрету, саусақ бұлшық еттерін және қимыл-қозғалыстарын жетілдіру, бояумен ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.
<u>Бейсенбі</u> <u>07.10.2021</u>	Денсаулық	Дене шынықтыру	<u>Допты бір біріне лақтыру ұстап алу.</u>	
<u>Жұма</u> <u>08.10.2021</u>	Таным	Сенсорика	<u>Өтешті құрастырамыз</u>	Мақсаты: заттарды көлемі бойынша ажырата алуға үйрету. Міндеттері: көлемі бойынша сақиналарды таңдай отырып, пирамиданы жинауға үйрету; үлкен және кішкентай сақинаны тапқызу; ұжымдаса әрекет ете отырып, пирамиданы жинауды орындату, қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру. Балаларды үй құстарына қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.

		Мүсіндеу	Қуыршаққа арналған кәмпиттер.	Мақсаты: ермексазды шымшып алуға және домалақ, жұмыр мүсін жасауға жаттықтыру. Міндеттері: домалақтау, илеу жолдарымен мүсіндеу тәсілдерін үйрету. Қызығушылықтарын арттыру, қабілеттерін, байланыстырып сөйлеу тілін дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Қайырымдылыққа тәрбиелеу
--	--	-----------------	-------------------------------	--

Қазан

Апта күндері	Білім беру саласы	Оқу қызметі	Тақырыбы	Мақсаты
2-апта «Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік»				
<u>Дүйсенбі</u> <u>11.10.2021</u>	Денсаулық	Дене шынықтыру	Тұзу және ирек жолдармен жүгіру.	Мақсаты: Балаларға тепе теңдікті сақтап жүруді үрету.
	Таным	Жаратылыстану	Күзгі жапырақтар қандай болады?	Мақсаттары: а) Табиғаттағы түрлі құбылыстарға (жапырақтардың түсуі) балалардың қызығушылығын арттыру; үлескіде өсіп жатқан ағаштар туралы түсініктерді дамыту. ә) Ойлау, зейін қою, сезіну қабілетін; қойылған сұрақтарға жауап беру қабілетін дамыту. б) Өсімдіктер әлеміне деген қызығушылығын ояту.
	Шығармашылық	Музыка		
<u>Сейсенбі</u> <u>12.10.2021</u>	Денсаулық	Дене шынықтыру	Таяқтар үстімен тепе теңдікті сақтап жүру.	Мақсаты: Балаларға тепе теңдікті сақтап жүруді үрету.
	Шығармашылық	Музыка		

<u>Сәрсенбі</u> <u>13.10.2021</u>	Шығармашылық	Сурет салу	Жапырақтар түсуде.	Мақсаты: қылқаламмен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: қылқаламмен таныстыру, сүйкей жағу арқылы қағаз бетіне дақ түсіруді үйрету, қылқалам мен бояуды пайдаланып жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, қолдың қимыл-қозғалысын дамыту, сұраққа жауап беруге үйретіп, ұқыпты жұмыс істей білуге тәрбиелеу.
	Таным	Құрастыру	Мұнара.	Мақсаты: Педагогтің көрсетуі бойынша құрылыс материалдарынан мұнарақұрастыра білуге үйрету, көлемі, түсі, пішіні бойынша ретімен орналастыруға дағдылан-дыру. Әр түстегі және пішіндегі құрылыс материалдарынан мұнара құрастыра білуге үйрету, олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру, құрастыруға деген ықыластарын, есте сақтау қабілеттерін, сөйлеу дағдыларын арттыру, оқу қызметінен кейін құрылыс материалдарын жинастыра білуге тәрбиелеу.
<u>Бейсенбі</u> <u>14.10.2021</u>	Денсаулық Қатынас	Дене шынықтыру Көркем әдебиет	Отырып (қашықтығы 50-100см) допты бір біріне домалату. «Шалқан» (орыс халық ертегісі)	Мақсаты: Балаларды әдеби кейіпкерлердің әрекеттері мен жүріс – тұрыстарына талдау жасауға, оларға қабылданған ережелерге сәйкес баға беруге үйрет
<u>Жұма</u> <u>15.10.2021</u>				

Қазан

Апта күндері	Білім беру саласы	Оқу қызметі	Тақырыбы	Мақсаты
3-апта «Алтын күз»				
<u>Дүйсенбі</u> <u>18.10.2021</u>	Денсаулық	Дене шынықтыру	Кедергілерден текшелерден аттап өту.	<u>Мақсаты:</u> Балаларға тепе теңдікті сақтап жүруді үрету.
	Таным	Жаратылыстану	Күзгі жел	Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға үйрету, қағаз бетінде жұмыс істеуге жаттықтыру. Міндеттері: жеміс түрлерімен таныстыру (алма, алмұрт) және ажыратуға, салыстыруға үйрету. Жемістерді салыстыруға, банканың суретінің ішіне дайын жеміс суреттерін орналастыруды үйрету. Сөйлеу тілін дамыту, сөздік қорларын молайту,
<u>Сейсенбі</u> <u>19.10.2021</u>	Денсаулық	Дене шынықтыру	Биіктіктен қос аяқпен секіру	<u>Мақсаты:</u> Балаларға тепе теңдікті сақтап жүруді үрету.
	Шығармашылық	Музыка		
<u>Сәрсенбі</u> <u>20.10.2021</u>	Қатынас	Сөйлеуді дамыту	Ұшады – ұшпайды.	Мақсаты: Түрлі әрекеттердегі және алуан түрдегі ауызша және байланыстыра сөйлеулерін дамыту. Балаларды халық ауыз әдебиеті шығармашылығына баулу. Міндеттері: а) Заттардың қасиеттеріне қарай талдауға, олардың аттарын атай білуге үйрету. ә) Табиғатта ненің ұшатыны, ненің ұшпайтыны туралы түсіндіру арқылы зейіндері мен ойлау қабілеттерін дамыту. б) Ұйымшылдыққа баулу.

	Шығармашылық	Сурет салу	Қызыл, сары жапырақтар.	Мақсаты: бояумен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: сурет салудың дәстүрден тыс тәсілін үйрете отырып, балаларды алақанмен сурет салуда ұқыптылыққа, тазалық сақтай білуге тәрбиелеу. Саусақтың ұсақ моторикасын дамытып, алақанмен жапырақтың бейнесін салуды үйрету, негізгі түстер туралы білімдерін бекіту. Сұраққа жауап беруге үйретіп, табиғатқа қызығушылықтарын арттыру.
<u>Бейсенбі</u> <u>21.10.2021</u>	Денсаулық	Дене шынықтыру	Биіктіктен қос аяқпен секіру.	<u>Мақсаты:</u> Балаларға тепе теңдікті сақтап жүруді үрету.
<u>Жұма</u> <u>22.10.2021.</u>	Таным	Сенсорика	Үлкен және кішкентай	Мақсаты: балалардың назарын әртүрлі көлемдегі заттарға аударуға үйрету. Міндеттері: үлкен және кішкентай сөздерінің мағынасын түсінулерін қалыптастыру; балаларды үлкен және кішкентай заттарды көрсете білуге, сөздерді дұрыс айтуға жаттықтыру, қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру. Үй жануарларына қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.
	Шығармашылық	Жапсыру	Алма мен алмұрттан жасалған компот.	Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға үйрету, қағаз бетінде жұмыс істеуге жаттықтыру. Міндеттері: жеміс түрлерімен таныстыру (алма, алмұрт) және ажыратуға, салыстыруға үйрету. Жемістерді салыстыруға, банканың суретінің ішіне дайын жеміс суреттерін орналастыруды үйрету. Сөйлеу тілін дамыту, сөздік қорларын молайту, саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Табиғатты аялауға тәрбиелеу.

Қазан

Апта күндері	Білім беру саласы	Оқу қызметі	Тақырыбы	Мақсаты
4-апта «Табиғат көрінісі»				
<u>Дүйсенбі</u> <u>25.10.2021</u>	Денсаулық	Дене шынықтыру	<u>Екі қатарға қойылған арасы 30-40см алшақ кегельдер арасымен допты алып жүру.</u>	<u>Мақсаты: Балаларға тепе теңдікті сақтап жүруді үрету.</u>
	Таным	Жаратылыстану	Күзгі жел	Мақсаты: а) Балалардың санасында жел мен оның шығу себептері (ауа қозғалысы) туралы қарапайым түсінік қалыптастыру. ә) Қарапайым зерттеу жұмыстарымен айналысу қабілетін дамыту. б) Балалардың білуге, тануға деген құштарлығын арттыру.
<u>Сейсенбі</u> <u>26.10.2021</u>	Денсаулық	Дене шынықтыру	Допты 50-60см ара қашықтықта лақтыру.	<u>Мақсаты:Допты тура лақтыруға үйрету</u>
	Шығармашылық	Музыка		
<u>Сәрсенбі</u> <u>27.10.2021</u>	Шығармашылық	Сурет салу	Түрлі түсті жіптер	Мақсаты: фломастермен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: фломастерді дұрыс пайдалана отырып ирек сызықтар сызуға үйрету; саусақтарының бұлшық еттерін дамыту, ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.Саусақтың ұсақ моторикасын дамытып, сұраққа жауап беруге үйрету.
	Таным	Құрастыру	Орындықтар	Мақсаты: Үлгі бойынша Құрастыру дағдыларын қалыптастыру,орындықты құрастыра алуға үйрету. Блшектерді ажырату қабілетін қалыптастыру,текше кірпіш,тақтайша құрылысты бөлшектеу жинақтау

				дағдыларын қалыптастыру. Құрылыс материалдарын түсі,көлемі,пішініне сәйкес топтастыру.
<u>Бейсенбі</u> <u>28.10.2021</u>	Денсаулық Қатынас	Дене шынықтыру Көркем әдебиет	Баяу қарқынды өзгерте отырып жүгеру. «Мен тәртіпті баламын» (өлеңі) Қуыршаққа арналған кәмпіттер.	Мақсаты: Балаларды сап түзеуге жүгертуге жаттықтыру. Мақсаты: Құрдастарымен өзара әрекеттестік ережелерін сақтауға үйрету, келіспеушілікті шешудің тәсілдерін таба білу қабілетін қалыптастыру.
<u>Жұма</u> <u>29.10.2021</u>				

МКҚК «Аяулым» бөбекжайы
ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

Кіші «Бөбек» тобы 2021ЖЫЛ ҚАРАША АЙЫ

ӨТПЕЛІ ТАҚЫРЫП: «МЕН ЖӘНЕ МЕНІ ҚОРШАҒАН ОРТА»

Мақсаты: Қоршаған ортамен өзара әрекет етуге қажетті танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларына ие баланың тұлғасын дамытуды, адамгершілік нормаларын, төзімділікті және адамдарға құрмет танытуды сезуін қамтамасыз ету.

Міндеттері: - Күн, ауа, су табиғат сыйы және олардың маңызы туралы білімдерін кеңейту

- Табиғаттағы күз мезгіліндегі маусымдық өзгерістерді, ерекшеліктерін ажыратып айта білу дағдыларын қалыптастыру.

- Табиғатқа деген қамқорлыққа тәрбиелеу.

- Табиғаттың әрбір бөлшегі адамзат баласы үшін байлық, қазына екенін, денсаулықты қорғаны екенін ұғындыру

Қараша

Апта күндері	Білім беру саласы	Оқу қызметі	Тақырыбы	Мақсаты
1-апта «Біз еңбекқор боламыз!»				
<u>Дүйсенбі</u> <u>1.11.2021</u>	Денсаулық	Дене шынықтыру	Бір қатармен тізені жоғары көтеріп жүру	
	Таным	Жаратылыстану	Жабайы жануарлар	Мақсаты: а) Балаларды жабайы жануарларға тән ерекшеліктермен таныстыру; олардың дене мүшелерін (тұмсығы, құйрығы, аяқтары) бір-бірінен ажыратуға және атауларын атап беруге үйрету. ә) Білуге деген құштарлығын оятып, есте сақтау, зейін қою және сөйлеу қабілетін дамыту. б) Жануарларға қамқорлық жасауға үйрету
<u>Сейсенбі</u> <u>2.11.2021</u>	Денсаулық	Дене шынықтыру	Допты алға домалату және оны қуып жету.	
	Шығармашылық	Музыка		
<u>Сәрсенбі</u> <u>3.11.2021</u>	Қатынас	Сөйлеуді дамыту	Менің дене мүшелерім	Мақсаты: Өз дене мүшелері жайында ойын жеткізе алу қабілетін дамыту. Байланыстырып сөйлеу техникасын кеңейту.

				Міндеттері: а) Өз дене мүшелері туралы әңгімелесу. ә) Дене бөліктерін атай білуге дағдыландыру. б) Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.
	Шығармашылық	Сурет салу	Әжемнің жіп шумақтары.	Мақсаты: фломастермен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: балаларды түрлі түсті фломастерлермен жіп орамының суретін салуға, фломастерді қатты қыспай, қағаздың ортасынан бір нүктені белгілеп, сол жағынан жоғарыдан бастап, қолды үзбей дөңгелетіп салуды үйрету, балалардың қол қимылдарының қозғалысын дамыту, ұқыптылыққа тәрбиелеу
<u>Бейсенбі</u> <u>4.11.2021</u>	Денсаулық	Дене шынықтыру	Допты алға домалату және оны қуып жету.	
<u>Жұма</u> <u>5.11.2021</u>	Таным	Сенсорика	Үйшік	Мақсаты: заттардың өлшемі бойынша салыстыру тәсілдерін (қатарластырып қою және беттестіру) үйрету.
	Шығармашылық	Мүсіндеу	Құймақ	Мақсаты: ермексаздың кесегін алақан арасына салып илеуге үйрету. Міндеттері: тағамдар туралы білімдерін кеңейту. Ермексازдан әртүрлі пішіндер жасату арқылы баланың саусақ қимылын жетілдіру, қызығушылығын, шығармашылық қабілетін, есте сақтауларын, сөйлеу тілін дамыту

Қараша

Апта күндері	Білім беру саласы	Оқу қызметі	Тақырыбы	Мақсаты
2-апта «Өзім туралы»				
<u>Дүйсенбі</u> <u>8.11.2021</u>	Денсаулық	Дене шынықтыру	<u>Құм салынған</u> <u>қапшықты</u> <u>шеңберге</u> <u>лақтыру</u>	
	Таным	Жаратылыстану	Үй жануарлары	Мақсаты: Балаларды үй жануарлары мен олардың төлдеріне тән қасиеттермен таныстыру. ә) Ойлау, зейін қою, сезіну қабілетін; қойылған сұрақтарға жауап беру қабілетін дамыту. б) Жануарлар әлеміне деген қызығушылығын ояту, оларды аялай білуге үйрету
	Шығармашылық	Музыка		
<u>Сейсенбі</u> <u>9.11.2021</u>	Денсаулық	Дене шынықтыру	Үй және қаппа Құм салынған қапшықты шеңберге лақтыру	
	Шығармашылық	Музыка		
<u>Сәрсенбі</u> <u>10.11.2021</u>	Таным	Құрастыру	Менің дене мүшелерім	Мақсаты: Өз дене мүшелері жайында ойын жеткізе алу қабілетін дамыту. Байланыстырып сөйлеу техникасын кеңейту. Міндеттері: а) Өз дене мүшелері туралы әңгімелесу. ә) Дене бөліктерін атай білуге дағдыландыру.

				б) Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.
	Шығармашылық	Сурет	Балық жүзеді	Мақсаты: қылқаламмен және бояулармен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: езілген бояумен қағаз бетін толық бояуға үйрету, қылқаламмен жұмыс істеу дағдыларын дамыту, балалардың бояумен жұмыс істеуге деген қызығушылығын және өз жұмысына деген қуаныш сезімін ояту. Сұраққа жауап беруге, ұқыптылыққа үйрету
<u>Бейсенбі</u> <u>11.11.2021</u>	Қатынас	Көркем әдебиет	«Әдептілік әлемі» (өлеңі)	Мақсаты: Балаларды адамдар арасындағы қарым- қатынас нормалары мен қоғамдағы жүріс-тұрыс ережелерімен таныстыруды жалғастыру, сыпайылықтың қарапайым әдеттерін тәрбиелеу
	Денсаулық	Дене шынықтыру	Бір сызықты қос аяқпен секіру.	
<u>Жұма</u> <u>12.11.2021</u>				

Қараша

Апта күндері	Білім беру саласы	Оқу қызметі	Тақырыбы	Мақсаты
<u>3-апта «Өзіңе және өзгелерге көмектес»</u>				
<u>Дүйсенбі</u> <u>15.11.2021</u>	Денсаулық	Дене шынықтыру	Бір сызықты қос аяқпен секіру.	
	Таным	Жаратылыс тану	Қоян неліктен тонын ауыстырады	Мақсаты: а) Табиғаттағы маусымдық өзгерістер мен аңдардың мінез-құлқы арасындағы қарапайым байланыстарды анықтай білуге үйрету. ә) Қарапайым зерттеу жұмыстарымен айналысу қабілетін

		Сурет салу	.	дамыту. б) Елгезектікке, қайырымдылыққа тәрбиелеу Мақсаты: қылқаламмен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: қылқаламмен сурет салу дағдыларын дамыту, оңнан солға қарай түзу сызықтар сызуды жалғастыру, қылқаламмен жұмыс істеу дағдыларын бекіту, саусақтың ұсақ моторикасын дамыту, ұқыпты жұмыс істеуге тәрбиелеу.
<u>Сейсенбі</u> <u>16.11.2021</u>	Денсаулық	Дене шынықтыру	Сызықтардың жіптердің арасымен ара қашақтығы 30-40см жүіру.	
	Шығармашылық	Музыка		
<u>Сәрсенбі</u> <u>17.11.2021</u>	Қатынас	Сөйлеуді дамыту	Қоян, қонжық	Мақсаты: Орман аңдары жайында әңгімелесу арқылы, балалардың белсенді сөздік қорын толықтыру. Балалардың ауызша сөйлеулерін дамыту. Міндеттері: а) Орман аңдары қоян мен аюдың балаларымен таныстыру. ә) 2–3 сөзден тұратын сөз тіркестерін құратып, ауызекі сөйлеулерін дамыту. б) Сүйіспеншілік пен қамқорлыққа тәрбиелеу
	Шығармашылық	Сурет салу	Жол бойымен домалаған	Мақсаты: қылқаламмен сурет салу дағдыларын қалыптастыру.

			бауырсақ	Міндеттері: қылқаламмен сурет салу дағдыларын дамыту, оңнан солға қарай түзу сызықтар сызуды жалғастыру, қылқаламмен жұмыс істеу дағдыларын бекіту, саусақтың ұсақ моторикасын дамыту, ұқыпты жұмыс істеуге тәрбиелеу.
<u>Бейсенбі</u> <u>18.11.2021</u>	Денсаулық	Дене шынықтыру	Сызықтардың жіптердің арасымен ара қашақтығы 30-40см жүіру.	
<u>Жұма</u> <u>19.11.2021</u>	Шығармашылы	Жапсыру	Жүк мәшинесі	Мақсаты: қарапайым композицияларды құра алуға үйрету. Міндеттері: балаларды көлік түрлерімен таныстыру арқылы дайын пішіндерді қолдана отырып, композиция жасауды үйрету. Зейіндерін тұрақтандыру, есте сақтау қабілетін және сөйлеу тілін, сөздік қорын дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Қайырымдылыққа, мейірімділікке тәрбиелеу
	Таным	Сенсорика	Көкеністер	Мақсаты: Дөңгелекті сопақшадан ажырата білуге үйрету. Міндеттері: Сәйкес пазылдарды пішінді орналастыра отырып дөңгелекті сопақшадан ажырата іріктеуге үйрету.

Қараша

Апта күндері	Білім беру саласы	Оқу қызметі	Тақырыбы	Мақсаты
4-апта «Ертегілер елінде»				
<u>Дүйсенбі</u> <u>22.11.2021</u>	Денсаулық	Дене шынықтыру	Жіптің биіктігі 30-40см астынан еңбектеп өту	
	Таным	Жаратылыстану	Аппақ қар	Мақсаты: а) Балалардың санасында жылдың осы маусымына тән құбылыстар (қар) туралы түсінік қалыптастыру.

				ә) Көру арқылы қабылдау және зейін қою, қалыптасқан жағдайға қатысты қарапайым нұсқаулықтарды түсіну және орындау қабілетін дамыту. б) Қарапайым зерттеу жұмыстарымен айналысу қабілетін дамыту
<u>Сейсенбі</u> <u>23.11.2021</u>	Денсаулық	Дене шынықтыру	Допты қолмен оңға солға лақтыру	
	Шығармашылық	Музыка		
<u>Сәрсенбі</u> <u>24.11.2021</u>	Шығармашылық	Сурет салу	Әуе шарлары.	Мақсаты: әртүрлі сызықтардың көмегімен сурет құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: қарындашты үш саусағымен дұрыс ұстай отырып, ирек сызықтар салу дағдысын бекіту, саусақ икемділіктерін, бейнелеу өнеріне деген қызығушылықтарын арттыру, балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу
	Таным	Құрастыру	Әткеншек.	Мақсаты: үлгі бойынша және сөзбен түсіндіру арқылы құрастыру дағдыларын қалыптастыру; құрылыс материалдарын дұрыс пайдалану арқылы әткеншекті құрастыруға үйрету, балаларға кеңістік белгілерді ескере отырып, бөлшектерді дұрыс орналастыруды үйрету, бөлшектерді ұқыпты біріктіруге дағдыландыру, әткеншектің қандай бөліктерден орындалғанын ажыратып айта білуге үйрету;
<u>Бейсенбі</u> <u>25.11.2021</u>	Денсаулық	Дене шынықтыру	Допты қолмен оңға, солға лақтыру	Мақсаты: Балаларға допты лақтырып үйрету.
	Қатынас	Көркем әдебиет	Жақсы деген немене жаман деген немене	Мақсаты: Балаларды қалай істеуге болатынын және қалай сітеуге болмайтынын жақсы жаман дегенді түсінуге мүмкіндік туғызу ідептілікке тәрбиелеу.

<u>Жұма</u> <u>26.11.2021</u>				

Қараша

Апта күндері	Білім беру саласы	Оқу қызметі	Тақырыбы	Мақсаты
5-апта «Біз күштіміз,ептіміз»				
<u>Дүйсенбі</u> <u>29.11.2021</u>	Денсаулық	Дене шынықтыру	<u>Допты қолмен</u> <u>оңға солға</u> <u>лақтыру</u>	
	<u>Таным</u>	Жаратылыстану	Қыс келді	<u>Мақсаты: а) Қыс мезгілінің ерекшелігін түсіндіру.</u> <u>ә) Балалардың білуге деген құштарлығын, есте</u> <u>сақтау қабілетін, зейінін, сөйлеу қабілетін</u> <u>дамыту.</u> <u>б) Табиғатты аялай білуге үйрету</u>
Сейсенбі. 30.11.2021	Шығармашылық	Музыка		
	<u>Денсаулық</u>	Дене шынықтыру	Еденге ирелендеп жатқан жіптің үстімен жүру	
Сәрсенбі 01.12.2021				
Бейсенбі. 02.12.2021	<u>Денсаулық</u>	Дене шынықтыру	Шығыршықтың ішіне қос аяқпен секіру	
Жұма 03.12.2021	<u>Таным</u>	Сенсорика	Оң, сол, алды, арты, жоғары, төмен	<u>Мақсаты: Өзіне қатысты кеңістікті бағыттарды</u> <u>ажырата білуге үйрету.</u>

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

I КІШІ «Бөбек» ТОБЫ 2021 ЖЫЛ ЖЕЛТОҚСАН АЙЫ

ӨТПЕЛІ ТАҚЫРЫП: «АЛАҚАЙ, ҚЫС КЕЛДІ»

Мақсаты: Балалардың қыс мезгілі және оның ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту Қыстағы табиғат құбылыстарымен, оның өзгерістерімен таныстыру..

Міндеттері: Қыс мезгілі, қыстағы табиғат құбылыстарымен, оның өзгерістерімен, қыстың қызықты мерекелерімен және ойындарымен таныстыру.

Қыс мезгілінде табиғатты бақылау дағдыларын дамыту.

Табиғаттың сұлулығын сезіне білуге, оған деген саналы көзқарасты қалыптастырып, қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.

Желтоқсан 06.12.2021-10.12.2021

Апта күндері	Білім беру саласы	Оқу қызметі	Тақырыбы	Мақсаты
1-апта «Алақай қыс келді!»				
<u>Дүйсенбі</u>	Денсаулық	Дене шынықтыру	<u>Кегельдер арасымен жүгіру</u>	
	Таным	Жаратылыстану	Балықтар	Мақсаты: а) Жануарларға (балықтар) тән ерекшеліктермен таныстыру. ә) Тірі нысандарды бақылау қабілетін дамыту. б) Қайырымды болуға үйрету, балықтарға күтім жасауға деген құштарлығын ояту.
<u>Сейсенбі</u>	Денсаулық	Дене шынықтыру	<u>5-10см биіктіктен секіру.</u>	
	Шығармашылық	Музыка		
<u>Сәрсенбі</u>	Қатынас	Сөйлеуді дамыту	Шырша.	Мақсаты: Шырша туралы әңгімелесу арқылы, балалардың түрлі әрекеттердегі және алуан түрдегі ауызша және байланыстыра сөйлеулерін дамыту.Дыбыстардың

				дұрыс айтылуын, байланыстырып сөйлеулерін қалыптастыру. Балаларға шырша туралы түсіндіре отырып, өлең шумағын жаттату. Заттарды жекеше, көпше түрде айтуға үйрету. «Ш» дыбысын анық айтуға артикуляциялық жаттығу жасату. Эстетикалық талғамдарын ояту.
	Шығармашылық	Сурет салу	Ақ ұлпа қарлар.	Мақсаты: қылқаламмен сурет салу дағдыларын қалыптастыру Міндеттері: жауып тұрған ұлпа қардың бейнесін салуға үйрету, бояуды сүйкей жағу тәсілі арқылы жіңішке сызықтар түсіре отырып, сурет салу іскерліктерін дамыту, табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу
<u>Бейсенбі</u>	Денсаулық	Дене шынықтыру	<u>5-10см биіктіктен секіру./ Қайталау сабағы/</u>	
Жұма				
	Таным	Сенсорика	Шырша бізге қонаққа келді.	Мақсаты: заттарды түсі бойынша тандай алуға үйрету. Міндеттері: балаларда әртүрлі түстегі ойыншықтарды шыршаға дұрыс орналастыру дағдыларын дамыту; балалардың көңілді шеңбермен жүру дағдысын жетілдіруді жалғастыру; ұсақ қол моторикасын дамыту; бір-біріне тілектестік қарым-қатынасқа тәрбиелеу
	Шығармашылық	Мүсіндеу	Қуыршақтың тақиясын	Мақсаты: қағаз бетінде кеңістікті бағдарлай отырып, жұмыс жасай алуға жаттықтыру.

			сәндейміз	Міндеттері: қазақтың ұлттық баскиімі – тақиямен таныстыру арқылы қазақтың ұлттық ою-өрнектері туралы мағлұмат беру, тақияны әшекейлеуге үйрету. Есте сақтау қабілеттерін және сөйлеу тілін дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Шыдамдылыққа, әдемілікке тәрбиелеу.
--	--	--	-----------	---

Желтоқсан

Апта күндері	Білім беру саласы	Оқу қызметі	Тақырыбы	Мақсаты
2-апта « Тәуелсіз Қазақстан (ҚР Тұңғыш Президенті, мемлекеттік рәміздер)» «Жайнай бер Қазақстаным»				
<u>Дүйсенбі</u> <u>13.12.2021</u>	Денсаулық	Дене шынықтыру	<u>Доғаның астымен еңбектеу</u>	
	Таным	Жаратылыстану	Бөлме гүлдері	Мақсаты: а) Кейбір бөлме гүлдері, олардың өсуіне қажетті шарттар мен күту талаптары туралы қарапайым түсінік қалыптастыру. ә) Танымдық белсенділігін, білуге деген құштарлығын дамыту. б) Өсімдіктер әлемін аялауға, қамқорлық жасауға үйрету
<u>Сейсенбі</u> <u>14.12.2021</u>	Шығармашылық	Музыка		
	Денсаулық	Дене шынықтыру	Доғаның астымен еңбектеу /Қайталау/	
<u>Сәрсенбі</u> <u>15.12.2021</u>	Таным	Құрастыру	Диван.	Мақсаты: жиһаз құрастыруды үйретуді жалғастыру, бір мезетте екі түрлі бөлшектермен–тақтайшамен және кірпіштермен жұмыс жасай білуге дағдыландыру. Міндеттері: - құрылыс материалдарын дұрыс орналастыру және қолдану әдістерін бекіту,

				бөлшектерді таңдай білуге үйрету; - жиһаз бұйымдарын атай алу және ажырату; құрылыс материалдарын көлемі, пішіні, түсіне қарай отырып топтастыра алу, сөйлеу тілін дамыту, ұқыптылыққа тәрбиелеу
	Шығармашылық	Сурет	Шыршаның шамдарын жағамыз	
<u>Бейсенбі</u> <u>16.12.2021</u>	Шығармашылық	Музыка		
<u>Жұма</u> <u>17.12.2021</u>	Денсаулық	Дене шынықтыру		
	Таным	Құрастыру		
	Қатынас	Көркем әдебиет	«Қайырымдылық» (әңгімесі)	Мақсаты: Адам жүріс –тұрысының ерекшеліктерін бағалауға үйретуді жалғастыру, өзге адамға мейірімділік, қамқорлық қатынасын білдіру ниеттерін ояту.

Желтоқсан

Апта күндері	Білім беру саласы	Оқу қызметі	Тақырыбы	Мақсаты
3-апта «Жаңа жылдық сыйлықтар»				
<u>Дүйсенбі</u> <u>20.12.2021</u>	Денсаулық	Дене шынықтыру	<u>Доптарды себетке лақтыру.</u>	
	Таным	Жаратылыстану	Әсем шырша	Мақсаты: а) Шырша туралы түсінік қалыптастыру. ә) Балалардың білуге деген құштарлығын, есте сақтау қабілетін, зейінін, сөйлеу қабілетін дамыту. б) Табиғатты аялай білуге үйрету
<u>Сейсенбі</u> <u>21.12.2021</u>	Шығармашылық	Музыка		
	Денсаулық	Дене шынықтыру	Доғаның астымен еңбектеу	
<u>Сәрсенбі</u> <u>22.12.2021</u>	Қатынас	Сөйлеуді дамыту	Үй жануарлары қалай	Мақсаты: Балаларды халық ауыз әдебиеті шығармашылығына баулу.

			дыбыстайды?	Дыбыстардың дұрыс айтылуын, байланыстырып сөйлеулерін қалыптастыру. Ұй жануарларымен таныстыру. Жануарлардың дауыстары жазылған үнтаспаны тыңдату арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту. «М, р» дыбыстарына артикуляциялық жаттығу жасату. Жануарларға қамқорлық жасау керектігін түсіндіру.
	Шығармашылық	Сурет салу	Шыршаның шамдарын жағамыз.	Мақсаты: қолжетімді материалдармен сурет салуға үйрету. Міндеттері: қолжетімді материал-таяқшаға оралған мақтаны пайдаланып сурет салуға үйрету, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, әсемдікті сезіне білуге, сурет салуға деген қызығушылықтарын арттыру
<u>Бейсенбі</u> <u>23.12.2021</u>	Денсаулық	Дене шынықтыру	Еденде жатқан арқан үстімен жүру.	
<u>Жұма</u> <u>24.12.2021</u>	Шығармашылық	Жапсыру	Жаңа жылдық шырша.	Мақсаты: қағаз бетінде геометриялық пішіндерді орналастыруға машықтандыру. Міндеттері: жаңажылдық мереке туралы түсінік беру. Жаңажылдық шырша ойыншықтарын (дөңгелекті) шыршаға орналастыруға үйрету. Пішіндер туралы ұғымдарын машықтандыру. Сөйлеу тілін дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелеу.
	Таным	Сенсорика	Қуыршақ Әйгерімге арналған моншақ.	Мақсаты: геометриялық пішіндерді көлемі және түсі бойынша кезектестіріп қоя алуға үйрету. Міндеттері: балаларды өлшемі мен түсі бойынша әртүрлі геометриялық пішіндерді кезектестіруге үйрету; қызыл, көк түстер туралы түсінікті бекіту; «түсі бойынша әртүрлі»,

				«өлшемі бойынша әртүрлі» деген ұғымдар мен «үлкен – кішкентай» деген түсініктерді дұрыс қолдану; ұсақ бөлшектерді бауға тізуді орындай отырып, қолдың ұсақ моторикасын дамытуды жалғастыру. Ойыншықтармен ұқыпты ойнауға тәрбиелеу
--	--	--	--	--

Желтоқсан

Апта күндері	Білім беру саласы	Оқу қызметі	Тақырыбы	Мақсаты
4-апта «Қысқы табиғат көрінісі»				
<u>Дүйсенбі</u> <u>27.12.20201</u>	Денсаулық	Дене шынықтыру	<u>Ілулі тұрған заттарға қолын тигізіп секіру</u>	
	Таным	Жаратылыстану		
<u>Сейсенбі</u> <u>28.12.2021</u>	Денсаулық	Дене шынықтыру	<u>Ілулі тұрған заттарға қолын тигізіп секіру.Қайталау/</u>	
	Шығармашылық	Музыка		
<u>Сәрсенбі</u> <u>29.12.2021</u>	Шығармашылық	Сурет	<u>Сүңгі мұздар</u>	<u>Мақсаты:</u> Қылқаламмен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. <u>Міндеттері:</u> тік сызықтармен сүңгі мұздар салуға үйрету,үзік сызық сала отырып, кеңістікті бағдарлай білуге үйрету,баланың қиялын дамыту,табиғаттың ерекшелігін сезіне білуге тәрбиелеу
	Таным	Құрастыру	Диван.	<u>Мақсаты:</u> жиһаз құрастыруды үйретуді жалғастыру, бір мезетте екі түрлі бөлшектермен–тақтайшамен және кірпіштермен жұмыс жасай білуге дағдыландыру. <u>Міндеттері:</u> - құрылыс материалдарын дұрыс орналастыру және

				қолдану әдістерін бекіту, бөлшектерді таңдай білуге үйрету; - жиһаз бұйымдарын атай алу және ажырату; құрылыс материалдарын көлемі, пішіні, түсіне қарай отырып топтастыра алу,сөйлеу тілін дамыту, ұқыптылыққа тәрбиелеу
<u>Бейсенбі</u> <u>30.12.2021</u>	Денсаулық Қатынас	Дене шынықтыру Көркем әдебиет		
<u>Жұма</u> <u>31.12.2021</u>				

**МКҚК «Аяулым» бөбекжайы»
ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР**

КІШІ «БӨБЕК» ТОБЫ 2021 ЖЫЛ ҚАҢТАР АЙЫ

ӨТПЕЛІ ТАҚЫРЫП: «ҚЫЗЫҚТЫ ҚЫС МЕЗГІЛІ»

Мақсаты: Балалардың қыс мезгілінің құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту. Бақылау, салыстыру дағдыларын дамыту. Табиғатты бақылауға, жақсы көруге, қоршаған ортаның сұлулығын көруге тәрбиелеу.

Міндеті: Балалар денсаулығын сақтау және нығайту шараларын жетілдіру;

- Қарым – қатынас мәдениетіне тәрбиелеу;
- Қарапайым байланыстар туралы білімдерін байыту;
- Туған өлкенің өздеріне тән белгілері туралы білімдерін кеңейту;
- Өзгенің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу.

Қаңтар

Апта күндері	Білім беру саласы	Оқу қызметі	Тақырыбы	Мақсаты
1-апта «Қысқы табиғат әлемі»				
<u>Дүйсенбі</u> <u>3.01.2022</u>	Денсаулық	Дене шынықтыру	<u>Ирелендеген жолмен жүру.</u>	
	Таным	Жаратылыстану	Тотықұс	Мақсаты: а) Тотықұсқа тән ерекше белгілермен таныстыру. ә) Тірі нысанның тіршілігін, мінез-құлқын бақылау қабілетін дамыту. б) Балаларды тотықұсқа қамқорлық жасауға және олар үшін жауапкершілік сезінуге баулу.
<u>Сейсенбі</u> <u>4.01.2022</u>	Денсаулық	Дене шынықтыру	Ирелендеген жолмен жүру.	
	Шығармашылық	Музыка		
<u>Сәрсенбі</u> <u>5.01.2022</u>	Қатынас	Сөйлеуді дамыту	Мысық.	Мақсаты: Үй жануарлары жайында әңгімелесу арқылы, балалардың түрлі әрекеттердегі және алуан түрдегі ауызша және байланыстыра сөйлеулерін дамыту. Балаларды үй жануары – мысық туралы әңгімелей білуге

				үйрету. 2–3 сөзден тұратын сөйлем құрату арқылы ауызекі сөйлеу тілдерін дамыту. Жануарларға деген қамқорлық сезімдерін ояту.
	Шығармашылық	Сурет салу	Мұржадан түтін будақтайды.	Мақсаты: қарындашпен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: қарындашпен сурет салу дағдыларын бекіту, қыс мезгілі ерекшелігін түсіндіру; қарындашпен үзбей ирек сызықтар салу дағдыларын қалыптастыру, саусақтарының қимыл-қозғалыстарын және икемділігін дамыту, әсемдікті сезіне білуге тәрбиелеу, сурет салуға деген қызығушылықтарын арттыру
<u>Бейсенбі</u> <u>6.01.2022</u>	Денсаулық	Дене шынықтыру	Түзу бағытта /10-15см /заттарды аттап өту.	
<u>Жұма</u> <u>7.01.2022</u>	Таным	Сенсорика	Көжекті жасыр.	Мақсаты: түстері бойынша нысандарды топтастыру дағдысын үйрету. Міндеттері: төрт мүмкіндіктің ішінен екі берілген нысанды таңдауға үйрету, қызыл, сары, көк, жасыл түстермен танысуды жалғастыру. Зейінділікті, қолдың ұсақ моторикасы мен қимыл үйлесімділігін дамыту; ұқыптылыққа тәрбиелеу
	Шығармашылық	Мүсіндеу		

Қаңтар

Апта күндері	Білім беру саласы	Оқу қызметі	Тақырыбы	Мақсаты
2-апта « Ғажайып қыс»				
<u>Дүйсенбі</u> <u>10.01.2022</u>	Денсаулық	Дене шынықтыру	Допты жоғары лақтыру.	
	Таным	Жаратылыстану	Құстарға арналған жемсауыттар	Мақсаты: а) Балалардың бойында құстардың қорегі туралы қарапайым түсінік қалыптастыру. ә) Оларды құстарға қыста қамқорлық жасауға үйрету. Ойлау, зейін қою, сезіну қабілетін; қойылған сұрақтарға жауап беру қабілетін дамыту. б) Тірі нысандарға қайырымды болуға тәрбиелеу
<u>Сейсенбі</u> <u>11.01.2022</u>	Денсаулық	Дене шынықтыру	Допты жоғары лақтыру./Қайталау	
	Шығармашылық	Музыка		
<u>Сәрсенбі</u> <u>12.01.2022</u>	Таным	Құрастыру	Үстел және орындық.	Мақсаты: балаларды педагогтің ұсынған шарты бойынша құрылыс материалдарын кеңістікте дұрыс орналастыра отырып үстел мен орындықты құрастыра білуге үйрету. Міндеттері: - құрылыс материалдарының түсін, пішінін, көлемін ажырата алуға үйрету; - кірпіштерді көлденең және тігінен орналастыра алу қабілеттерін дамыту; -сөйлеу тілін дамыту, назар аударуға, есте сақтауға, заттарды жинастыру арқылы ұқыптылыққа тәрбиелеу
	Шығармашылық	Сурет салу	Мұз айдынындағы іздер.	Мақсаты: Бояумен сурет салу дағдыларын қалыптастыру, ирек сызықтар сызу дағдыларын қалыптастыру, қылқаламды дұрыс ұстай отырып, берілген фонның үстінен коньки ізін ирек сызықтар сызу арқылы көрсетугеүйрету, табиғаттың әсемдігін түсіне білуге

				тәрбиелеу.
<u>Бейсенбі</u> <u>13.01.2022</u>	Денсаулық	Дене шынықтыру	Жерде жатқан арқан үстімен түзу жүру.	
	Қатынас	Көркем әдебиет	«Әке мен бала» (әңгіме) Ыбырай Алтынсарин	Мақсаты: Әңгімені тыңдай білу дағдыларын дамыту. Үлкендерді тыңдауға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.
<u>Жұма</u> <u>14.01.2022</u>				

Қаңтар

Апта күндері	Білім беру саласы	Оқу қызметі	Тақырыбы	Мақсаты
3-апта Ғажайыптар әлемі (табиғат құбылыстары) «Қызықты қыс мезгілі»				
<u>Дүйсенбі</u> <u>17.01.2022</u>	Денсаулық	Дене шынықтыру	Түзу бағытта /10-15см/ заттарды аттап өту.	
	Таным	Жаратылыстану	Аязды қыс	Мақсаты: а) Балалардың санасында жылдың осы маусымына тән құбылыстар (аяз) туралы түсінік қалыптастыру. ә) Көру арқылы қабылдау және зейін қою, қалыптасқан жағдайға қатысты қарапайым нұсқаулықтарды түсіну және орындау қабілетін дамыту. б) Өзара байланыс пен қарым-қатынастың қарапайым тәсілдеріне баулу
<u>Сейсенбі</u> <u>18.01.2022</u>	Денсаулық	Дене шынықтыру	Допты жоғары лақтыру.	
	Шығармашылық	Музыка		
<u>Сәрсенбі</u> <u>19.01.2022</u>	Қатынас	Сөйлеуді дамыту	Аялайық гүлдерді	Мақсаты: Балаларды бөлме гүлдерімен таныстыру кезінде сұрақ-жауап әдістерін қолданып пассивті және белсенді сөздік

				қорларын кеңейту.Байланыстырып сөйлеулерін қалыптастыру. Міндеттері: а) Балаларды бөлме өсімдіктерімен таныстыру. ә) Топтағы табиғат бұрышындағы гүлдердің атауларын үйрету. б) Өсімдіктерді баптауға, қамқор бола білуге тәрбиелеу
	Шығармашылық	Сурет салу	Маймақ аю маң-маң басады.	Мақсаты: Қылқаламмен сурет салу дағдыларын қалыптастырады,аюдың ізін қылқаламмен үлкен және кіші дақ түсіру арқылы салуға үйрету, жұмыс барысында балалардың өз алдына жеке дербесәрекет етуі мен белсенділігін дамыту, қыс мезгілінде аңдарға, жан-жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.
<u>Бейсенбі</u> <u>20.01.2022</u>	Денсаулық	Дене шынықтыру	Жерде жатқан арқан үстімен түзу жүру.	
<u>Жұма</u> <u>21.01.2022</u>	Шығармашылық	Жапсыру	Анама арналған орамал.	Мақсаты: фланелеграфтың кенебін қолдану арқылы қарапайым композицияларды құрастыруға машықтандыру. Міндеттері: балаларға аналар мерекесі туралы мағлұмат беру. Қағазға «қошқармүйіз», «көз» оюларын орналастыруды үйрету. Сөйлеу тілін дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Балаларды ананы қадір тұтуға, сүйіспеншілікке тәрбиелеу
	Таным	Сенсорика		
	Шығармашылық	Жапсыру		

Қаңтар

Апта күндері	Білім беру саласы	Оқу қызметі	Тақырыбы	Мақсаты
4-апта «Құстар – біздің досымыз»				
<u>Дүйсенбі</u> <u>24.01.2022</u>	Денсаулық	Дене шынықтыру	Жерде жатқан арқан үстімен түзу жүру	
	Таным	Жаратылыстану	Мұз	Мақсаты: а) Мұздың қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру. ә) Эксперимент жасау барысында балалардың танып білуге деген құштарлықтарындамыту. б) Жансыз табиғаттағы құбылыстарға деген қызығушылығын арттыру.
<u>Сейсенбі</u> <u>25.01.2022</u>	Денсаулық	Дене шынықтыру	Гимнастикалық орындық үстінен қолды белге қойып жүріп өту.	
	Шығармашылық	Музыка		
<u>Сәрсенбі</u> <u>26.01.2022</u>	Шығармашылық	Сурет салу	Мәшиненің дөңгелектері.	Мақсаты: қолжетімді материалдармен және қылқаламмен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: мәшиненің дөңгелегін тығын арқылы салуға үйрету, жұмыс барысында балалардың өз алдына жеке әрекет көрсетуі мен белсенділігін дамыту, ойыншықтарды күтіп ұстауға, ұқыпты ойнауға тәрбиелеу
	Таным	Құрастыру	Автобус.	Мақсаты: құрастыру барысында үлкендердің көмегімен тапсырмаларды орындау, автобус құрастыруда құрылыс материалдарының көлемін, пішінін ажырата алу. Міндеттері: - әртүрлі құрылыс материалдарын үйлестіру арқылы

				автобус құрастыра алуға үйрету; - қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: қою, тіреу, басу арқылы ұсақ қол моторикасын дамыту; - құрылыс материалдарының негізгі қасиеттерін ажырата алуға дағдыландыру; -өздері жасаған құрылыстарымен ойын ойнау, педагогтің қойған сұрақтарына жауап беру және тыңдай білуге, ұқыптылыққа тәрбиелеу
